

ОӘЖ 372.853

ФИЗИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҰБТ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Усербаев Нурсултан Калыбаевич

userbaevnursultan8@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., ЕҰУ доценті Ермекова Ж.К.

Мақалада орта мектеп деігейінде физика пәні бойынша Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде максималды жетістікке жету жолында дайындықтың тиімді, әрі нәтижелі жолдары көрсетілген. Сонымен қатар таңдау пәні ретінде физика және математика пәндерін таңдаған оқушылардың ҰБТ-ға дайындық барысында жиі кездесетін қателіктеріне де шолу жасалынған. Жалпы оқушыларға дайындық барысында көрсетілетін психологиялық көмек түрлері де баяндалған.

Қазіргі таңдағы білім жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты-білім сапасының жаңаруы мен ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Осы мақсатта оқушының білім сапасын бақылаудың, сараптаудың әлемдік стандарттарға сай түрлері тәжірибеге енгізілді. Соның бірі - Ұлттық Бірыңғай Тестілеу.

Ұлттық Бірыңғай Тестілеу –жаңа технология бойынша оқушының білім сапасын білім беру ұйымынан тәуелсіз бағалайтын мемлекеттік жүйе.ҰБТ кезінде жоғары көрсеткіштерге жету үшін, әрі оқушыларды жақсы дайындау үшін тест әдісінің пайдасы зор. ҚР-ның білім беру жүйесіне енген ҰБТ жүйесі жыл сайын жетіліп, мектепті аяқтаушы түлектердің білім деңгейін шынайы анықтауда үлкен септігін тигізуде. Бұл тестілеу түрі білім алушының білім деңгейін анықтаумен қатар, оның болашақ мамандығына жетелейтін көпір болып табылады.[1]

Елімізде қазіргі таңда, техникалық мамандықтарға әлеуметтік сұраныс тұрақты түрде артып келеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» «...техникалық кадрларды даярлау жүйесін барынша дамыту қажет» деп атап айтып өткен болатын. Мемлекеттің эталоны техникалық мамандықтар бойынша дәл алынатыны ешкімге құпия емес, ал физика мектептен кейінгі техникалық білім берудің негізгі пәні болып табылады.

ҰБТ-да максималды жетістікке жету үшін оқушыға пән бойынша арнайыланған дайындықтан өту керек. Бұл, ең алдымен, қосымша сабақ барысында тәжірибелі мұғаліммен бірге маңызы бар тестілерді талдау және орындау тәжірибесі, өйткені онсыз сіз мектеп физикасы курсың жоғары деңгейде меңгерген болсаңыз да, тест тапсырмаларың шешу бойынша белгілі дәрежеде тәжірибенің болмаса және тапсырмаларды шешудің оңай жолдарың білмесе, өзіне қажетті ұпайды ала алмайды. Жалпы сапаны жақсарту үшін тест тапсырмалары бірнеше қайтара шешілгені жөн, яғни, студенттер мезгіл-мезгіл қиын тапсырмаларға «қайта оралады» және сонымен бірге қиын тапсырмаларды оңай шешу

жолдары үйретіледі. Бұл дағды тестілеу кезінде уақыт жағынан өте тиімді болып табылады.[2]

ҰБТ-ға дайындық кезінде оқушылармен жұмыс істеу тәжірибесінде тест тапсырмаларын орындау дәстүрлі түрде ұсынылатын жауап нұсқаларынсыз берілгені жөн, бұл дайындықтың тиімді формаларының бірі болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл тәсіл - оқушылардың білім деңгейін және олардың ҰБТ-ға дайындық деңгейін бағалаудағы объективті тәсіл болып табылады.[3] Егерде тестті дайын нұсқаларымен ұсынатын болсақ, оқушылардың пікірінше, кейбір жауаптар жай кездейсоқ таңдау арқылы белгіленеді. Бұл оқушының білім деңгейін жеткілікті дәрежеде көрсетпейді. ҰБТ-ға дайындық сапасын арттыру мақсатында оқушыларға ұжымдық, топтық және жеке консультациялар түріндегі жүйелі қосымша сабақтар ұйымдастырылғаны жөн.[4]

ҰБТ-ға сәтті дайындалу үшін оқу процесіне тест технологиялары енгізілгені жөн. Белгілі бір тақырыпты оқып біткеннен кейін студенттер тақырыптық тест орындауы керек, содан кейін барлық тест тапсырмаларына міндетті түрде талдау жасалады. Ал теориялық материал кез-келген бөлімнің тақырыптары бойынша қайталаынады, содан кейін әр түрлі типтегі және күрделі деңгейдегі есептер бойынша пысықталады. Тақырыптың күрделілігіне байланысты (мысалы, «Оптика», «Электродинамика» бөлімдері, «Механика» бөлімінің кейбір сұрақтары студенттердің көпшілігі үшін «қиын») және оқушылардың дайындық дәрежесіне байланысты әр тақырыпқа әр түрлі уақыт беріледі: мысалы, бір тақырыпқа екі - үш немесе одан да көп сабақ. [5]

Таңдау пәні ретінде физика және математиканы таңдаған оқушылардың ҰБТ-ға дайындық барысында жиі кездесетін қателіктерін мынадай этаптарға бөліп қарастыруға болады.

I. Сабақ барысында топпен дайындалу.

1. Формулаларды жаттауға арналған қарапайым тест түріндегі материалдарды қайталау. Мұндай тапсырмаларды әрбір сабақта жасауға болады.
2. Оңай, әрі тез есептеу дағдыларын дамыту.
3. Логикалық есептер шығару.
4. Жоғары дәрежедегі күрделі есептерді шешу.

II. Жекелей кеңес беру

Кеңес беру барынша нәтижелі болуы үшін алдымен оқушылардың біліміндегі негізгі олқылықтарды анықтау қажет.

III. Математикаға байланысты қателіктер:

Физика математикамен өте тығыз байланысты болғандықтан, оқушылар физикалық есептер шығарғанда әр түрлі математикалық қателіктер жібереді.

1. Есептеу қателіктері.(ондық бөлшектерді шешу, стандартты түрдегі сандарға және дәрежеге байланысты есептер және т.б.)
2. Ең қарапайым теңдеулерді шешудегі қателіктері. (көптеген оқушылар $a + x = b$; $x - a = b$; $x : a = b$ және т.б түріндегі қарапайым теңдеулерді шеше алмайды.
3. Математикалық формулалар туралы білімнің жеткіліксіздігі (квадрат теңдеулерді шешу жолдары, туынды есептер, косинустар және синустар теоремасы және т.б.)
4. Жуықтауға байланысты есептер. (көптеген тапсырмалар үшін күрделі есептеулер жүргізу қажет емес, шамамен есептеу жеткілікті).
5. Векторларға байланысты есептер. (векторларды қосу және азайту, векторды санға көбейту).

IV. Теориялық қателіктер және т.б. [6]

Оқушылардың психологиялық бейімделу және стресстік жағдайларды азайту мақсатында жүйелі түрде «пәнді қайталау сынағын» да өткізген дұрыс. Мұнда оқушының өзін-өзі реттеу мен бақылаудың психотехникалық дағдылары қалыптасады. Бұл дағдылар ҰБТ тапсыруға дайындықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге өзін шешуші жағдайда эмоцияларын басқара алуына ықпал етеді. Әр сынақ тестілеуден кейін студенттердің біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында студенттерге

қиындық туғызған, сонымен қатар қателіктер жіберілген немесе оқушылар мүлдем орындай алмайтын тапсырмалар талданады. Әркім өз сұрақтарын еркін түрде қоюға құқылы болып табылады. Есептерді егжей-тегжейлі талдау оқушы біліміндегі проблемалық аймақтарды анықтауға ғана емес, оларды шешуге де мүмкіндік береді.[7]

Қорытынды.

Елімізде ҰБТ бойынша мектеп түлектерінің көп бөлігі физика және математиканы таңдау пәні ретінде тапсыратыны белгілі және бұл сәйкесінше таңдалған пән бойынша оқушыларды ҰБТ-ға сапалы дайындауды қажет етеді. ҰБТ-ны ойдағыдай тапсыру үшін жағдай жасау кез-келген мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі, ал оған дайындық - бұл білім беру процесіне қатысушылардың барлығының іс-әрекеттерінің бірлігін білдіретін жүйелі, жоспарлы, бақыланатын процесс.[8] Сонымен қатар ҰБТ-ға дайындық мәселелері бойынша әр оқушымен жекелей кездесулерде есептерді шешудің оңай, әрі тез жолдары туралы жалпы кеңестермен қатар, тікелей тақырып бойынша арнайы ұсыныстар берілгені жөн. Әр оқушының үлгерімі бақыланып, жеке тапсырмалар ұсынылып және психологиялық көмек те берілгені дұрыс.

Қолданылған әдебиеттер

1. Беспалько, В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения – М.: Издательство Института профессионального образования Министерства образования России, 1995. - 336 бет.
2. Акулинин, В.А. Уровневая система требований к знаниям и умениям учащихся и ее использование в учебном процессе по физике в средней школе (методические рекомендации) – М.: Челябинск, 1992. - 89 бет.
3. Акулич, О.Е. Методика реализации ценностно-смысловых ориентиров студентов при изучении медицинской и биологической физики – М.: Челябинск, 2005. - 223 бет.
4. Анисимов, В.В. Общие основы педагогики: учеб. для вузов – М.: Просвещение, 2006. -574 бет.
5. Бабина, С.Н. Подготовка будущих учителей физики и технологии к интеграции технологического и физического образования – М.: Педагогика, 2003. 175 бет.
6. Беленок, И.Л. Теоретические основы методической подготовки учителя. – М.: Общие основы, 2001. 575 бет.
7. Бугаев, А.И. Методика физики в средней школе: Теорет. основы: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по физ.-мат. спец. – М. : Просвещение, 1981.-288 бет.
8. Бурцева, Е.Н. Физика. Единый государственный экзамен. Как избежать ошибок при сдаче ЕГЭ – М.: «Образование», 2005. - 112 бет.